

**Маңғыстау аудандық Мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы № 11/137 "Ойын бизнесі түрлерінен алынатын базалық салық ставкаларының мөлшері туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 2/20 шешімі

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына, сонымен қатар Маңғыстау облысының Әділет департаментінің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 10-11-489 ақпараттық хатының негізінде, Маңғыстау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Маңғыстау аудандық Мәслихатының 2009 жылғы 10 ақпандағы № 11/137 "Ойын бизнесі түрлерінен алынатын салық ставкаларының мөлшері туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылы 12 наурызда № 11-5-71 болып тіркелген, аудандық "Жаңа өмір" газетінің 2009 жылғы 08 сәуірдегі № 18 санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Маңғыстау аудандық Мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің аппарат басшысы (Е.Қалиев) осы шешімді бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*А. Ордабаева*

*Аудандық Мәслихаттың хатшысы*

*А. Сарбалаев*